

ЦИКЛОГРАММА

4 аптага 22-26

«Кошақан» ересек тобы

Қараша 2021

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Бекітемін:  Аманшесва А.А

Тәрбиеші Елеусинова А.Ә

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б)	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Д/ойын: мысық пен тышқан	д/ойын: сиқырлы қап	Д/ойын: Алыста ма жақында ма	д/ойын: Қауырсынды тауып ал	Д/ойын: Кім шапшан
Ойындар ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҮОҚ) дайындық	Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру				
	Д/ойын: құстар фабрикасы. Мақсаты: бір тыныс алғанда 3-4 сөз айта білу	Үстел ойыны: Пазыл құрастыру	Қимылдық ойын: Тақырыбы: жалаушаны тап. Мақсаты: балаларды шапшандыққа, тақырлыққа үйрету.	Қимылдық ойын: Тақырыбы: масаны ұстау. Мақсаты: балаларды шапашандыққа, ептілікке үйрету.	д/ойын: бізге кім келгенін тауып ал

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p>Сурет салу Тәрелкені әшекейлеу Мақсаты: Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өректермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қуыршақта не жоқ?» Мақсаты: Қуыршақты тамақтандыруға қандай заттар керек екенін табуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Көркем әдебиет. «Ойыншықтар» (өлең) Нұрсұлтан Әлімқұлов Мақсаты: Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету, ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Танымдық ойын: «Сипаттап бер» Мазмұны: Балалар бір-бірден шығып, сиқырлы қорапша ішінен, ойыншықтарды алып, әңгімелеп, сипаттап айтып береді. Математика негіздері Тақырыбы: «Сандарды салыстыру» Мақсаты: Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру; екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету; саны жағынан аз топқа жетпей тұрған заттарды қосуды үйрету; саны жағынан</p>	<p>Бала тілін дамыту Тақырыбы Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар» Мақсаты Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру Қоршаған орта Тақырыбы: «Ауладағы ағаштар» Мақсаты: жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып атауға үйрету Дидактикалық ойын: «Жиһаздар» Дене шынықтыру. Тақырыбы: Менің көңілді добым Негізгі қимыл: Доппен жұмыс Мақсаты:</p>	<p>Жаратылыстану Балабақша ауласындағы қара ағашпен сирен ағашын бақылау. Мақсаты: Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Қара ағаш және сирен ағашымен таныстыру. Қара ағаш және сирен ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету. Олардың жапырақтарының түсіне назар аударып, көктемгі уақыттағы жапырақтармен салыстыру. Табиғаттың әсемділігін тамашалай білуге тәрбиелеу. Психологиялық жаттығу: «Мен – ағашпын.</p>	<p>Жапсыру «Балабақшадағы аквариумдағы балықтар» Мақсаты: Аквариумда балықтар, ұлулар, өсімдіктер болатыны туралы түсіндіру; балалардың елестете білу қабілетін дамыту. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. «Балықтар» ойыны Мақсаты: Балық бетперделерін киіп, баяу әуенмен бөлме ішінде балыққа ұқсап қозғалып су ішінде жүргендей жүзуге Дене шынықтыру. Тақырыбы: Менің көңілді добым Негізгі қимыл: Доппен жұмыс Мақсаты: Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын</p>
---	--	--	--	--	---

	<p>Музыка Эн тыңдау: Эн салу: «Сағат» Басыр Жүсібалиев. Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Жалауш амен жаттығу» Би: «Қуыршақпен билейміз» Мақсаты: Энді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Әдіс-тәсіл: Эн тыңдатқызу, ән айту, қимыл-қозғалысты жасау, затпен би билеу, ойын ойнатқызу. Д/О: «Шанырақ» Шарты: залдың ортасында жасанды</p>	<p>бірдей, бірақ әртүрлі топтардан құралған заттар арасындағы теңдікті анықтау; тәулік бөліктері туралы білімін нығайту; заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету. (сол жақта, ортада, оң жақта) Ойын: «Қайда орналасқан?» Мазмұны: Аюдың оң жағында ит, сол жағында қоян, артында қонжық, алдында күшік. «Қайда орналасқан?» сұрағына жауап беруге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: Түрлі түсті доптар Негізгі қимылдары: Допты 1 метр қашықтықта орналасқан қақпа арқылы домалату (ені – 60 см). 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Мақсаты: допты домалату дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтары н арттыру. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. «Допты кәрзеңкеге түсір» Мақсаты: допты лақтыруды үйрету</p>	<p>Музыка Эн тыңдау: Эн салу: «Сағат» Басыр Жүсібалиев. Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Жалаушамен жаттығу» Би: «Қуыршақпен билейміз» Мақсаты: Энді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.</p>	<p>арттыру. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. «Допты кәрзеңкеге түсір» Мақсаты: допты лақтыруды үйрету Шебер қолдар Тақырыбы: «Жұлдызкұрт» Мақсаты: Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>шанырақтар тұрады. Балалар әуенмен би билеп (қара жорға, калинка, лезгинка..) әуен тоқталған соң әр бала өзі шанырағын көтеріп орнына орналасуы қажет.</p> <p>Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Балабақша-дағы жиһаздар Мақсаты: «Жиһаздар» жалпылауыш сөзімен таныстыру. Жиһаздардың атау, түсі, пішіні, не үшін қажет екенін айта білуге үйрету. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Қ/О «Өз орныңды жылдам тап!». Мақсаты: музыка ойнаған сәттен-ақ қимыл-қозғалысты бастай білуге жаттығу, кеңістікте бағдарды айқындауды жетілдіру.</p>			
--	--	--	--	--	--

		Д/О «Орнын тап» Мақсаты: заттардың топ бөлмесіндегі орнын тауып қоюға үйрету, жинақылыққа баулу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.				
Серуен		<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру</p> <p>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.</p> <p>Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?»</p> <p>Қимылды ойындар: Тақия тастамақ</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p>				
Серуеннен оралу.		Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті				
		Сюжеттөжетк рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтандыру» Ірі құрылыс материалдарымен	Сюжеттөжетк рөлдік ойын. «Қуыршақты жуындыр» Ірі құрылыс материалдарымен	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын- қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген	«Доппен ойнау» Мақсаты: «Жоғары- төменде», «астында- үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге

		және конструкторлармен ойын	және конструкторлармен ойын	өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	бекіту.	үйрету.
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.